

**"Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы
Үш мемлекеттің мемлекеттік шекаралары түйісу нүктесінің ауданы туралы шартқа қол
қою туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 24 шілдедегі № 152
Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 шілдедегі № 514 Жарлығы

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы Үш мемлекеттің мемлекеттік шекаралары түйісу нүктесінің ауданы туралы шартқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 24 шілдедегі № 152 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 26, 269-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қайрат Құдайбергенұлы Әбдірахманов Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы Үш мемлекеттің мемлекеттік шекаралары түйісу нүктесінің ауданы туралы шартқа 1 және 2-қосымшаларымен бірге (2-қосымша - құпия) Қазақстан Республикасының атынан қол қойсын, оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін."

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. Назарбаев